

ҒЫЛЫМИ ЖЕТЕКШІНІҢ

ПІКІРІ

Дипломдық жұмысқа

(жұмыс түрінің атауы)

Куртаева Аизере Курманқызы

(білім алушының аты-жөні)

БВ07302 - Құрмыс Ішкериясы

(мамандық атауы және шифр)

Тақырып:

Қызғарды облысындағы Абас
ауылының сүйеніс мадғиына

Дипломдық жұмысқа қарағандағы берген
тапсырмаларға сәйкес орындалған.
Бұл жұмыста келесі нәтижелер
қарастырылды: сүйеніс мадғиына сырттан
меншікпен қамқорлық, ауылдың су
түпкі мөлшері, құрмыс өндірістік
технологиясы, экономикалық деңгей.

Дипломдық жұмыста қажетті әдеттер,
нормативтік құжаттар қамтылған.

Дипломдық жұмысқа мақсат мақсатпен
жұмысқа Аизере Куртаева А-ге БВ07302-

Құрмыс Ішкериясы білім алу
бағдарламасы бойынша бақылау жүргізілген
нәтижелері берілген.

Дипломдық жұмысқа 88 баллмен бағаланды.

Ғылыми жетекші

Т.Т.К. Курманқызы Халқабай Б



(қолы)

«28» 05

2024 ж.

СЫН-ПІКІР

Дипломның табы
(жұмыс түрінің атауы))

Куртаева Айгере Курманқызы
(білім алушының аты-жөні)

6307302 - Құрылыс инженерлері
(БББ атауы және шифрі)

Тақырыбы: Құрылыс обьексіндәтін Абай ауданын үшін

қашықты

Орындалды:

- а) сызба материалдары 5 бет
- б) түсініктемелік жазба 39 бет

ЖҰМЫС ҮШІН ЕСКЕРТПЕЛЕР

Дипломның табы бәрінше талаптарға сәйкес орындалған. Дипломның табы Құрылыс обьексіндәтін Абай ауданын үшін қашықты тақырыбына қарастырылған. Мәліметтер араң ауданындағы жән-шілікке алынған. Табыра үшін қашықты тиістілікке қарастырылған. Дипломның табы талаптарға сәйкес табы орындалған.

Жұмысты бағалау

Куртаева Айгере Курманқызы дипломның табы талапқа орындалған және 93 (жәк сә) бағаланды.

Сын-пікір беруші

т.ғ.к. қауым профессор
(лауазымы, ғылыми дәрежесі, атағы)

[Signature]
(қолы)

Хайишев А.И
(аты-жөні)

«31» 05 2024 ж.

**Университеттің жүйе администраторы мен Академиялық мәселелер департаменті
директорының ұқсастық есебіне талдау хаттамасы**

Жүйе администраторы мен Академиялық мәселелер департаментінің директоры көрсетілген еңбекке қатысты дайындалған Плагиаттың алдын алу және анықтау жүйесінің толық ұқсастық есебімен танысқанын мәлімдейді:

Автор: Нұртаева А.Н.

Тақырыбы: Қызылорда облысындағы Абай ауылын сумен қамту

Жетекшісі: Бостандық Халхабай

1-ұқсастық коэффициенті (30): 3.3

2-ұқсастық коэффициенті (5): 0.7

Дәйексөз (35): 4.4

Әріптерді ауыстыру: 8

Аралықтар: 0

Шағын кеңістіктер: 0

Ақ белгілер: 9

Ұқсастық есебін талдай отырып, Жүйе администраторы мен Академиялық мәселелер департаментінің директоры келесі шешімдерді мәлімдейді :

Ғылыми еңбекте табылған ұқсастықтар плагиат болып есептелмейді. Осыған байланысты жұмыс өз бетінше жазылған болып санала отырып, қорғауға жіберіледі.

Осы жұмыстағы ұқсастықтар плагиат болып есептелмейді, бірақ олардың шамадан тыс көптігі еңбектің құндылығына және автордың ғылыми жұмысты өзі жазғанына қатысты күмән тудырады. Осыған байланысты ұқсастықтарды шектеу мақсатында жұмыс қайта өңдеуге жіберілсін.

Еңбекте анықталған ұқсастықтар жосықсыз және плагиаттың белгілері болып саналады немесе мәтіндері қасақана бұрмаланып плагиат белгілері жасырылған. Осыған байланысты жұмыс қорғауға жіберілмейді.

Негіздеме:

Күні

Кафедра меңгерушісі



Протокол

о проверке на наличие неавторизованных заимствований (плагиата)

Автор: Нуртаева А.Н.

Соавтор (если имеется):

Тип работы: Дипломная работа

Название работы: Қызылорда облысындағы Абай ауылын сумен қамту

Научный руководитель: Бостандық Халхабай

Коэффициент Подобия 1: 3.3

Коэффициент Подобия 2: 0.7

Микропробелы: 0

Знаки из других алфавитов: 8

Интервалы: 0

Белые Знаки: 9

После проверки Отчета Подобия было сделано следующее заключение:

Заимствования, выявленные в работе, является законным и не является плагиатом. Уровень подобия не превышает допустимого предела. Таким образом работа независима и принимается.

Заимствование не является плагиатом, но превышено пороговое значение уровня подобия. Таким образом работа возвращается на доработку.

Выявлены заимствования и плагиат или преднамеренные текстовые искажения (манипуляции), как предполагаемые попытки укрытия плагиата, которые делают работу противоречащей требованиям приложения 5 приказа 595 МОН РК, закону об авторских и смежных правах РК, а также кодексу этики и процедурам. Таким образом работа не принимается.

Обоснование:

Дата

Заведующий кафедрой



Протокол

о проверке на наличие неавторизованных заимствований (плагиата)

Автор: Нұртаева А.Н.

Соавтор (если имеется):

Тип работы: Дипломная работа

Название работы: Қызылорда облысындағы Абай ауылын сумен қамту

Научный руководитель: Бостандық Халхабай

Коэффициент Подобия 1: 3.3

Коэффициент Подобия 2: 0.7

Микропробелы: 0

Знаки из других алфавитов: 8

Интервалы: 0

Белые Знаки: 9

После проверки Отчета Подобия было сделано следующее заключение:

- Заимствования, выявленные в работе, является законным и не является плагиатом. Уровень подобия не превышает допустимого предела. Таким образом работа независима и принимается.
- Заимствование не является плагиатом, но превышено пороговое значение уровня подобия. Таким образом работа возвращается на доработку.
- Выявлены заимствования и плагиат или преднамеренные текстовые искажения (манипуляции), как предполагаемые попытки укрытия плагиата, которые делают работу противоречащей требованиям приложения 5 приказа 595 МОН РК, закону об авторских и смежных правах РК, а также кодексу этики и процедурам. Таким образом работа не принимается.

Обоснование:

Дата 30.05.2022

проверяющий эксперт

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ

"Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті" коммерциялық емес
акционерлік қоғамы

Т.Қ. Бәсенов атындағы Сәулет және құрылыс институты

Инженерлік жүйелер және желілер кафедрасы

Нұртаева Айзере Нұрланқызы

Қызылорда облысындағы Абай ауылын сумен қамту

Дипломдық жобаға
ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

6В07302 – «Құрылыс инженериясы»

Алматы 2024

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ

«Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» коммерциялық
емес акционерлік қоғамы

Т.Қ. Бәсенов атындағы Сәулет және құрылыс институты

Инженерлік жүйелер және желілер кафедрасы


ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ
ИЖЖЖ Кафедра меңгерушісі
техн. ғыл. канд., қауым. проф.
Алимова К. К.
«27» 05 2024ж.

Дипломдық жобаға
ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА


Тақырыбы: «Қызылорда облысындағы Абай ауылын сумен қамту»

6B07302 – «Құрылыс инженериясы»


Орындаған

 Нұртаева А.Н.

Рецензент

техн. ғыл. канд., профессор

«31» 05 2024 ж.

Жетекші

техн. ғыл. канд., профессор
 Халхабай Б.
«28» 05 2024 ж.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ

"Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті" коммерциялық емес
акционерлік қоғамы

Т.Қ. Бәсенов атындағы Сәулет және құрылыс институты

Инженерлік жүйелер және желілер кафедрасы

6B07302 – «Құрылыс инженериясы»

БЕКІТЕМІН

ИЖЖ кафедра меңгерушісі
техн. ғыл. канд., қауым. проф.

К.К. Алимова

«22» 01 2024ж.

**Дипломдық жобаны орындауға арналған
ТАПСЫРМА**

Білім алушы Нұртаева Айзере Нұрланқызы

Тақырыбы: Қызылорда облысындағы Абай ауылын сумен қамту

Академиялық мәселелер жөніндегі проректорының 2023 жылғы «4» желтоқсан №548-П/Ө
бұйрығымен бекітілген

Аяқталған жобаны тапсыру мерзімі:

«30» сәуір 2024 ж

Дипломдық жобаның бастапқы деректері: Сумен қамту объектісінің сипаттамасы, ауыл бойынша жалпы су шығындарын анықтау, су алу ғимараттарының есебі.

Дипломдық жобада әзірлеуге жататын мәселелер тізімі:

а) Негізгі бөлім:

б) Құрылыс өндірісінің технологиясы:

в) Экономикалық бөлім:

Графикалық материалдар тізімі (міндетті сызбаларды дәл көрсете отырып):

1) Бас жоспар; 2) Екі желіге үш бірдей сораптың қатар жұмыс сипаттамасы; 3) Ұңғыма баулығының құрылымы; 4) Пьезометрлік желілер; 5) Құрылыс өндірісінің технологиясы;




Ұсынылатын негізгі әдебиеттер: 16 атаулардан

Дипломдық жобаны дайындау


КЕСТЕСІ

Бөлімдердің атауы, зерттеп дайындалатын мәселелер тізімі	Жетекшіге ұсыну мерзімдері	Ескерту
Негізгі бөлім	05.02.2024 16.03.2024	орындалды
Құрылыс өндірісінің технологиясы	18.03.2024 03.04.2024	орындалды
Экономикалық бөлім	04.04.2024 13.04.2024	орындалды


Аяқталған дипломдық жоба үшін, оған қатысты бөлімдердің жобасын көрсетумен,
кеңесшілер мен норма бақылаушының қойған
қолдары

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер, тегі, аты, әкесінің аты, (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күні	Қолы
Құрылыс өндірісінің технологиясы	Б. Халхабай техн. ғыл. канд., профессор	13.04.2024	
Экономикалық бөлім	Б. Халхабай техн. ғыл. канд., профессор	30.04.2024	
Норма бақылаушы	А.Н. Хойшиев техн. ғыл. канд., қауым. проф.	24.05.2024	

Жетекші

 Халхабай Б.

Білім алушы тапсырманы орындауға алды

 Нұртаева А.Н.

Күні

«23» 01 2024 ж.

АҢДАТПА

Дипломдық жоба берілген тапсырма бойынша орындалды, «Қызылорда облысындағы Абай ауылын сумен қамту» тақырыбына арналған. Дипломдық жоба 3 бөлімнен тұрады.

Дипломдық жобаның негізгі бөлімінде сумен қамтитын объектінің сипаттамасы, климаттық жағдайы, барлық кететін су шығыны есептері мен су құбыры желілерінің гидравликалық есептері берілген

Құрылыс өндірісінің технологиясы бөлімінде сумен қатамасыз етуге қажетті техника мен көліктердің жұмыс ықтималдығы есептелген.

Экономикалық бөлімде жұмысқа қажетті есептік пайдалану шығындары есептелген.

АННОТАЦИЯ

Дипломный проект выполнен по заданию, посвящен теме "водоснабжение села Абай Кызылординской области". Дипломный проект состоит из 3 частей.

В основной части дипломного проекта представлены описание водосодержащего объекта, климатические условия, расчеты всех расходных вод и гидравлические расчеты водопроводных сетей

В разделе технология строительного производства рассчитана вероятность работы техники и транспорта, необходимых для водозабора.

В экономической части рассчитаны расчетные эксплуатационные расходы, необходимые для работы.

ABSTRACT

The graduation project was completed according to the assignment, dedicated to the topic "water supply to the village of Abai in the Kyzylorda region". The graduation project consists of 3 parts.

The main part of the thesis project contains a description of the water-containing object, climatic conditions, calculations of all discharge waters and hydraulic calculations of water supply networks

In the section technology of construction assemblies, the probability of operation of equipment and transport necessary for water intake is calculated.

In the economic part, the estimated operating costs required for operation are calculated.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	7
1 Негізгі бөлім	8
1.1 Сумен қамту. Сыртқы желілер және ғимараттар	8
1.1.1 Сумен қамту объектісінің сипаттамасы	8
1.1.2 Сумен қамту жүйесін және сұлбасын таңдау	8
1.1.3 Елді мекендегі шаруашылық – ауыз суына кететін есептік шығындарды анықтау	9
1.1.4 Нан зауытының есептік шығындарын анықтау	10
1.1.5 Суаруға кететін есептік су шығындарын анықтау	12
1.1.6 Үй жануарларына жұмсалатын есептік шығындарды анықтау	12
1.1.7 Абай ауылының жалпы есептік шығындарын анықтау	13
1.1.8 Таза су резервуарының қажетті көлемін анықтау	13
1.1.9 Желі жұмысының сипаттық жағдайлары	14
1.1.10 Меншікті, жол-жөнекей, түйін шығындарды анықтау	15
1.1.11 Айналмалы су құбыр торабының гидравликалық есебі	16
1.1.12 Су алу ғимараттарының есебі	17
1.1.13 Жер асты су алу ғимаратының санитарлық аймағы	20
1.1.14 Екінші көтеру сорап станциясының есебі	22
2 Құрылыс өндірісінің технологиясы	26
2.1 Орындалатын жұмыстардың өндіріс ауқымы мен негізгі құрылыс машиналарын таңдау	27
2.2 Бульдозердің жұмыс өнімділігін анықтау	30
2.3 Экскаватордың жұмыс өнімділігін анықтау	31
3 Экономикалық бөлім	33
3.1 Жылдық пайдалану шығындарын есептеу	33
ҚОРЫТЫНДЫ	37
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	38
Қосымшалар	

КІРІСПЕ

Елімізде елді мекендерді сапалы ауыз суымен қамту бүгінгі күнде үлкен мәселелердің бірі. Дамыған елдер көрсеткіштерінің бірі халықтың жайластырушылық дәрежесі болып есептеледі. Сондықтан елдің дамуымен бірге міндетті түрде елді мекендерді, соның ішінде ауылдық жерлерді сапалы ауыз суымен қамту басты міндеттердің бірі.

Алдыңғы қатарлы техникалық салалардың ішінде сумен жабдықтау халықтың өмір сүру жағдайларын жақсарту және олардың өмір сүру деңгейін арттыру, сондай-ақ өндірісті дамыту мақсатында маңызды орын алады.

Сумен жабдықтаудың өзі әртүрлі пайдаланушыларды сумен қамтамасыз етуге, сондай-ақ оларды басқа қажеттіліктер үшін сумен қамтамасыз етуге бағытталған бірқатар іс-шараларды қамтиды. Ол үшін суды табиғи көздерден алып, оны тазарту қажет.

Дұрыс өңделмеген судың құрамында жұқпалы ауруларға әкелуі мүмкін көптеген қауіпті химиялық заттар болғандықтан, ауылды сумен қамтамасыз етуді бастамас бұрын оның гигиеналық таза және сапалы екеніне көз жеткізу керек.

Сумен жабдықтау жүйелері әртүрлі қызмет салаларын (ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп және т.б.) сумен қамтамасыз ету үшін пайдаланылатындығынан басқа, олар ауыл шаруашылығында, соның ішінде ауыл шаруашылығы саласында да маңызды орын алады.

Бұл елді мекенді қажетті мөлшерде сумен қамтамасыз ету оны абаттандырудың жалпы деңгейін арттыруға ықпал ететіндігін білдіреді. Мақсатқа жету үшін судың табиғи көзін мұқият таңдау керек, сонымен қатар оны ластанудан қорғау және су жинау қондырғыларында суды тазарту, дезинфекциялау және дезинфекциялау қажет.

Сондықтан жобада халықтан алынған суды тұтыну мен мөлшері туралы нақты ақпарат болуы маңызды, сонымен қатар әр сектордың су тұтыну режимі.

Жоғарыда айтылғандай, жобалаудағы тағы бір маңызды мақсат-табиғи көздерден су алу, оны тазарту, тасымалдау және тұтынушыларға жеткізу функцияларын орындайтын кешен құру.

Дипломдық жобада Қызылорда облысындағы Абай ауылын сумен қамту жүйесі жобаланған.

Сумен қамту жүйесін жобалау кезінде, ауылға қажетті судың мөлшері және сапасы анықталып, мүмкін болатын барлық су тұтынушылар категориялары ескерілген.

Сумен қамту көзі ретінде жер асты су көзі қабылданған.

1 Негізгі бөлім

1.1 Сумен қамту. Сыртқы желілер және ғимараттар

1.1.1 Сумен қамту объектісінің сипаттамасы

Абай ауылы Қызылорда облысында орналасқан. Абай ауылы Қызылорда қаласының солтүстігіне мөлшермен 12 км жерде.

Ғаламтордағы нақты мәліметтерде 1999 жылы тұрғындар саны 2047 адам (1081 ер адам және 966 әйел адам) болған, қазіргі таңда бұл ауылда 2200 адам тұрады.

Құрылыс ауданы рельефі тегіс, жер бетінің жалпы ылдильғы солтүстікке қарай, жер бетінің шартты белгілері 7,0 ден 17,5 м дейін өзгереді.

Ауданның климаты континенталды және ол метеорологиялық элементтердің тәуліктік, айлықтық және жылдық өзгеруіне байланысты.

Жазы өте ыстық және ұзақ болады. Бұл уақытта температураның күрт өзгеруі байқалмайды. Кейбір жерлерде шілде айының орташа температурасы 36-39 °С. Облыс аумағының басым бөлігінде температураның абсолютты максимумы 44-48 °С құрайды. Қыс уақытында ауданның солтүстік және оңтүстік аймақтары арасында температурада айтарлықтай өзгерістер бар. Ең салқын ай - қаңтардағы орташа температура 35-36 °С .

1.1.2 Сумен қамту жүйесін және сұлбасын таңдау

ҚР ҚН 4.01-03-2013 «Сумен қамту. Сыртқы желілер және ғимараттар» /1/ талаптарына сай су өткізуші желілер айналмалы, сумен қамту жүйесі – орталықтандырылған шауашылық - өрттік жүйе біріктірілген. Сумен қамтамасыз ету дәрежесі бойынша ҚР ҚН 4.01-03-2013 «Сумен қамту. Сыртқы желілер және ғимараттар» /1/ 7.4 пункті бойынша бірінші категорияға жатады. 1 - категория: шаруашылық – ауыз су шығынын есептік су шығынынан 30 % артық емес төмендету рұқсат етіледі және өндірістік мұқтаж апаттық жұмыс графигі бойынша тағайындалады), және де бұл кезде суды төмендетіп беру ұзақтығы 3 тәуліктен аспау қажет. Су берудегі үзіліс зақымданған сорғышты ажыратуға және қордағы сорғышты іске қосуға рұқсат етіледі және ол 10 минуттан артық емес.

Жер асты су алу ғимараты ауылдан 4000 м аралықта, 317,000 белгіде орналасқан. Су жер асты су алу ғимаратынан су жиналатын таза су резервуарына беріледі.

Су алу ғимаратының ауылдан алыс орналасуына байланысты екінші көтеру сорап станциясы қарастырылады.

Екінші сорап станциясы ауылға жақын орналасқан және таза су резервуарына жиналған суды алып, қордағы реттеуші сыйымдылық болып табылатын контррезервуарға береді. Контррезервуар 382,000 белгісінде

орналасқан. Осылайша сумен қамту жүйесінде арын, котррезервуарды табиғи жоғары жерлерге қою арқылы қамтамасыз етіледі.

Сорап станциясының жұмысы тәулік бойы бірқалыпты қарастырылған, алы суды сақтау және реттеу котррезервуарда жүреді.

Елді мекендегі есептік су шығыны келесі есептік шығындардан тұрады: шаруашылық – ауыз суынан, суғару, үй жануарларына есептелген шығыннан, өндірістік орын шығындарынан және тәулік бойы ескерілмеген шығындардан.

1.1.3 Елді мекендегі шаруашылық – ауыз суына кететін есептік шығындарды анықтау

Елді мекендегі шаруашылық – ауыз суына кететін есептік тәуліктік шығын Q_{op}^m , м³/тәу, келесі формуламен анықталады:

$$Q_{op}^m = \frac{\sum q_{ж} \cdot N}{1000}, \quad (1.1)$$

мұндағы $q_{ж}$ - меншікті су тұтыну 5.1 кесте бойынша ҚН ҚР 4.01-03-2013 «Сумен қамту. Сыртқы желілер және ғимараттар» /1/ қабылданған;
 N - тұрғындардың есептік саны, тапсырма бойынша 2200 адам.

$$Q_{op}^m = \frac{125 \cdot 2200}{1000} = 397,08$$

Тәуліктік ең үлкен Q_{max}^m , м³/тәу және ең кіші Q_{min}^m , м³/тәу есептік су шығындары келесі формулалармен анықталған:

$$Q_{max}^m = Q_{op}^m \cdot \kappa_{max}^m, \quad (1.2)$$

$$Q_{max}^m = 397,08 \cdot 1,2 = 476,5$$

$$Q_{min}^m = Q_{op}^m \cdot \kappa_{min}^m, \quad (1.3)$$

$$Q_{min}^m = 397,08 \cdot 0,8 = 317,66$$

мұндағы κ_{max}^m , κ_{min}^m - су тұтынудың тәуліктік біркелкісіздік коэффициенттері, тұрғындардың өмір жағдайын, кәсіпорынның жұмыс тәртібін, үймереттердің жайластырушылық дәрежесін, су тұтынудың жыл және апта күндері бойынша өзгеруін ескереді ҚР ҚНЖЕ 4.01-02-2009 «Сумен қамту. Сыртқы желілер және ғимараттар» /1/ сәйкес қабылданады $\kappa_{max}^m = 1,1 - 1,3$; $\kappa_{min}^m = 0,7 - 0,9$.

Есептік сағаттық шығындар $m^3 / \text{сағ}$ төмендегі формулалармен анықталған:

$$q_{\max}^{caz} = Q_{\max}^m \kappa_{\max}^{caz}, \quad (1.4)$$

$$q_{\max}^{caz} = 787,5 \cdot 1,885 = 32,81$$

$$q_{\min}^{caz} = Q_{\min}^m \kappa_{\min}^{caz}, \quad (1.5)$$

$$q_{\min}^{caz} = 525 \cdot 0,113 = 21,87$$

мұндағы κ_{\max}^{caz} , κ_{\min}^{caz} - су тұтынудың сағаттық біркелкісіздік коэффициенті, ҚН ҚР 4.01-03-2013 «Сумен қамту. Сыртқы желілер және ғимараттар» /1/ сәйкес келесі формуламен анықталған:

$$\kappa_{\max}^{caz} = \alpha_{\max} \beta_{\max}, \quad (1.6)$$

$$\kappa_{\max}^{caz} = 1,3 \cdot 1,45 = 1,885$$

$$\kappa_{\min}^{caz} = \alpha_{\min} \beta_{\min}, \quad (1.7)$$

$$\kappa_{\min}^{caz} = 0,8 \cdot 0,5 = 0,113$$

мұндағы α - үймереттердің жайластырушылық дәрежесін, кәсіпорындардың жұмыс тәртібін және басқа да жергілікті жағдайларды ескеретін коэффициент, ҚН ҚР 4.01-03-2013 «Сумен қамту. Сыртқы желілер және ғимараттар» /1/ сәйкес $\alpha_{\max} = 1,2-1,4$; $\alpha_{\min} = 0,4-0,6$; β - елді мекендегі тұрғындар санын ескеретін коэффициент, 5.2 кесте бойынша ҚН ҚР 4.01-03-2013 «Сумен қамту. Сыртқы желілер және ғимараттар» /1/ сәйкес қабылданады.

Елді мекеннің шаруашылық ауыз суына кететін есептік шығындары А.1-кестеде енгізілген.

1.1.4 Нан зауытының есептік шығындарын анықтау

Ауылда жалпы жұмысшылар саны 15 адамды құрайтын нан зауыты орналасқан. Суық цехтағы жұмысшылар саны 10 адам, ал ыстық цехта – 5, солардың ішінде су себер қабылдайтын адам саны – 10. Ауысымда шығарылатын өнім саны 3 тоннаны құрайды.

Нан зауытында су шығындары жұмысшылардың шаруашылық - ауыз суы шығынынан $Q_{\text{хн}}$, $m^3 / \text{ауысым}$, су себерке кететін су шығынынан Q_0 , $m^3 / \text{ауысым}$,

және технологиялық мұқтаждыққа кететін су шығындарының Q_m , $m^3/ауысым$ қосындысынан тұрады.

Жұмысшылардың шаруашылық-ауыз су шығынына кететін су шығыны Q_{xn} , $m^3/ауысым$ келесі формуламен анықталады:

$$Q_{xn} = \frac{Nq}{1000}, \quad (1.8)$$

$$Q_{xn} = \frac{10 \cdot 25}{1000} = 0,25$$

$$Q_{xn} = \frac{5 \cdot 45}{1000} = 0,225$$

мұндағы N – өндірістегі жұмысшылар саны;

q - ауысымда 1 адамға мөлшерленген су шығыны, л, ыстық цехтар үшін 45 л, суық цехтар үшін 25 л тең етіп қабылданады.

Су себерге кететін су шығыны Q_o , $m^3/ауысым$, келесі формуламен анықталады:

$$Q_o = n_{oc}qt, \quad (1.9)$$

$$Q_o = 3 \cdot 500 \cdot 45 = 1,125$$

мұндағы n_{oc} - есептік су себер торларының саны (1.11) формуласы бойынша анықталады;

q - өндірістік кәсіпорындардағы бір су себер торына келетін сағаттық су шығыны, л, 500 ге тең қабылданады;

t - су себерді қолдану ұзақтығы, 45 мин тең қабылданады.

$$n_o = \frac{N}{P}, \quad (1.10)$$

$$n_o = \frac{10}{3} = 3,3$$

мұндағы N - су себерді қолданатын жұмысшылар саны;

P - су себер торының өткізгіштік қабілеті.

Технологиялық мұқтаждықтарға кететін су шығыны өндіріс технологиясына байланысты анықталатын сағаттық біркелкісіздік коэффициентіне $\kappa_{caa} = 1$ байланысты таратылады және «Әртүрлі өндіріс

салаларының су тұтыну және лас суды әкету мөлшерлері» бойынша /3/ анықталады:

$$Q_m = Mq_m, \quad (1.11)$$

$$Q_m = 3 \cdot 2 = 6$$

мұндағы M - шығарылатын өнім саны;

q_m - өндірістік мұқтаждықтарға меншікті су шығыны, m^3

Нан зауыты бойынша есептік шығындар А.2-кестеде енгізіледі.

1.1.5 Суаруға кететін есептік су шығындарын анықтау

Суарылатын жер аудандары туралы мәліметтер болмаған жағдайда бір адамға меншікті орташа тәуліктік шығын 50,0 л/тәу деп кесте. 5.3 бойынша ҚР ҚН 4.01-03-2013 «Сумен қамту. Сыртқы желілер және ғимараттар» /1/ қабылданады.

Суғару уақыты 8 сағатқа тең деп қабылданған.

Суғаруға кететін су шығыны келесі формула бойынша анықталады:

$$Q_n = \frac{Nq_n}{1000}, \quad (1.12)$$

Есептеулер А.3-кестеде енгізілген.

1.1.6 Мал шаруашылығына жұмсалатын есептік шығындарды анықтау

Үй жануарларына жұмсалатын есептік шығын келесі формула бойынша анықталады:

$$Q_{жс} = \frac{\sum N_{жс} q_{жс}}{1000}, \quad (1.13)$$

мұндағы $N_{жс}$ - жануарлар саны;

$q_{жс}$ - үй жануарының бір басына есептелген су тұтыну мөлшері /4/ бойынша қабылданады.

Есептеулер үшін шартты түрде үй жануарларының саны А.4-кестеде қабылданған.

1.1.7 Абай ауылының жалпы есептік шығындарын анықтау

Судың максималды тәуліктік шығыны тәулік сағат бойынша сағаттық біркелкісіздік коэффициентке сәйкес таратылады.


Ескерілмеген мұқтаждықтарға кететін есептік сушығынына, елді мекеннің шаруашылық-ауыз суына кететін жалпы су шығынының 10-20 % алынады.

Тәулік сағат бойынша жалпы су шығынының таратылуы А.5-кестеде берілген.

1.1.8 Таза су резервуарының қажетті көлемін анықтау

Екінші көтеру сорап станциясы тәулік бойы бірқалыпты жұмыс істейді.

$Q_{\text{нст II п}} = \frac{100\%}{24\text{сағ}} = 4,17\%$. Ауыл бойынша су тұтыну бірқалыпсыз. Суды сақтау және жинау котррезервуарда қарастырылған. Котррезервуардың реттеуші сыйымдылығын анықтау үшін су тұтынудың баспалдақты графигі тұрғызылады. 1– сурет.



1 – су тұтынудың баспалдақты графигі;

2 - екінші көтеру сорап станциясының жұмыс графигі

1 – сурет Абай ауылының су тұтыну графигі

Су тұтыну және су беру графиктерін біріктіру арқылы реттеуші сыйымдылықтың есептік көлемін анықтауға болады.

Есептеулер нәтижелері А.6-кестеде енгізілген.

Таза су резервуарының көлемі келесі формуламен анықталады:

$$W = W_{\text{рет}} + W_{\text{опт}} \quad (1.14)$$

$$W = 119,08 + 425,72 = 544,8 \text{ м}^3$$

мұндағы $W_{\text{рез}} -$ резервуардың реттеуші сыйымдылығы, м^3 , (1.16) формула бойынша анықталған;

$W_{\text{орт}} -$ өртке қарсы су қоры м^3 , (1.17) формула бойынша анықталған:

$$W_{\text{рез}} = \frac{B \cdot \Sigma Q_c}{100}, \quad (1.15)$$

$$W_{\text{рез}} = \frac{9,87 \cdot 1206,55}{100} = 119,08 \text{ м}^3$$

мұндағы $B -$ резервуардағы ең үлкен қалдық, %;

$\Sigma Q_c -$ жалпы ауыл бойынша ең жоғарғы тәуліктік шығын, $\text{м}^3 / \text{тау}$

$$W_{\text{орт}} = \frac{3(n_{\text{вн}} q_{\text{вн}} + n_{\text{н}} q_{\text{н}})3600}{1000} + \Sigma W_{\text{шар}} - 3Q_1, \quad (1.16)$$

$$W_{\text{орт}} = \frac{3(1 \cdot 2,5 + 2 \cdot 15,0)3600}{1000} + 225,65 - 3 \cdot 50,31 = 425,72 \text{ м}^3$$

мұндағы $n_{\text{вн}}, n_{\text{н}} -$ сәйкесінше, бір уақыттағы ішкі және сыртқы өрт саны;

$q_{\text{вн}}, q_{\text{н}} -$ сәйкесінше бір ішкі және бір сыртқы өртке су шығыны;

$W_{\text{шар}} -$ судың ең үлкен үш сағаттық шаруашылық қоры, $\text{м}^3 / \text{сағ}$;

$Q_1 -$ бірінші сорап станциясының берілісі, $\text{м}^3 / \text{сағ}$.

Бір мақсатта қолданылатын бір түйіндегі жалпы резервуар саны екіден кем болмау керек ҚР ҚНЖЕ 4.01-02-2009 «Сумен қамту. Сыртқы желілер және ғимараттар» /1/ п. 9.21. Әрқайсысының көлемі $500,0 \text{ м}^3$ болатын екі таза су резервуары қабылданады.

1.1.9 Желі жұмысының сипаттық жағдайлары

Желі жұмысының сипаттық жағдайлары: ең үлкен сағаттық су тұтыну, ең үлкен сағаттық су тұтыну және өрт бір уақытта.

Ең үлкен сағаттық су тұтыну үшін село бойынша су шығыны $Q_{\text{сел}} = 98,33 \text{ м}^3 / \text{сағ} = 27,31 \text{ л} / \text{с}$. Ағысты тарату кезінде ең үлкен сағаттық су тұтыну кезіне үй жануараларына су шығындары кетіндіктен, ағыстың бірқалыпты таратылуы үшін әртүрлі нүктелерге бөлініп беріледі.

Өрт желінің негізгі су берушіден әсіресе алыс орналасқан нүктесіне тағайындалады. Бір уақыттағы ең жоғарғы су тұтыну және өрт үшін село бойынша жалпы шығын төмендегідей анықталады:

$$Q^{opt}_{сел} = Q_{сел} + \Sigma q^{opt}, \quad (1.17)$$

$$Q^{opt}_{сел} = 27,31 + 12,5 = 39,81 \text{ л/с}$$

мұндағы Σq^{opt} - өрт өшіруге арналған жалпы су шығыны, келесі формуламен анықталады:

$$\Sigma q^{opt} = n_{өн} q_{өн} + n_n q_n \quad (1.18)$$

$$\Sigma q^{opt} = 1 \cdot 2,5 + 1 \cdot 10 = 12,5 \text{ л/с}$$

1.1.10 Меншікті, жол-жөнекей, түйін шығындарды анықтау

Судың меншікті шығыны дегеніміз құбырдың ұзындық бірлігіне келетін шығын, келесі формуламен анықталады:

$$q_{y\partial} = \frac{Q}{\Sigma l}, \quad (1.19)$$

мұндағы Q - су шығыны, л/с;

Σl - осы шығын таратылған құбырлар ұзындығының қосындысы,

м

$$q_{y\partial} = \frac{44,76}{3,6 \cdot 7480} = 0,00166 \text{ л/с} \cdot \text{м}.$$

Есептік үлеске дегеніміз, белгілі бір уақытта шығын тұрақты болатын үлеске.

Жол-жөнекей шығын, $Q_{н\text{ут}}, \text{ л/с}$, – желінің есептік үлескесіне келетін шығын, ол меншікті шығынды сол үлеске ұзындығына көбейту арқылы анықталады.

Жол-жөнекей шығындар есебі нәтижелері А.7-кестеде енгізілген.

Түйін шығын, осы түйінге кеп қосылатын жол - жөнекей шығындар қосындысының жартысына тең.

1.1.11 Айналмалы су құбыр торабының гидравликалық есебі

Гидравликалық есептің мақсаты барлық үлескелердегі экономикалық жағынан тиімді құбыр диаметрі мен арын жоғалуларын анықтау. Құбыр ұзындығы бойынша арын жоғалу

$$h_i = \frac{1000i \cdot l}{1000} = i \cdot l \quad (1.20)$$

мұндағы ℓ - есепке үлеске ұзындығы

i - бір пагон метрге арын жоғалу

Жергілікті арын жоғалу ұзындық бойынша арын жоғалудың 10%-тін құрайды.

$$\Sigma h = 1.1 \cdot \ell \cdot i \quad , \quad (1.21)$$

Желі үлескесі бойынша ағын тарату әр айналым үшін мына шартты қанағаттандыруы керек: $\Sigma h = 0$

Σh – айналмадағы жоғалулар қосындысы.

Айналмадағы су қозғалысы сағат тілімен жүрсе оң таңбалы(+), сағат тіліне кері жүрсе теріс таңбалы (-).

Айналмадағы арын жоғалуды үйлестіру, $\Sigma h = \pm 0.5$

Егер Σh 0.5-тен үлкен болса, сағат тілімен қозғалып бара жатқан су үлескесі артық жүктелген болып саналады.

Қажетті мөлшерде үйлесімді алу үшін ағынды қайта тарату қажет. Бұл курстық жобада үйлесімді келтіру үшін М.М.Андріяшевтің тәсілін қолданамыз.

$$\Delta q = - \frac{\pm \Delta h \cdot q_{opt}}{2 \cdot \sum h} \quad , \quad (1.22)$$

Желіні гидравликалық үйлестіру ЭЕМ көмегімен жүргізілген және А.8-кесте және А.9-кестеде ең жоғарғы сағаттық су тұтыну және бір уақыттағы ең жоғарғы су тұтыну және өрт кездері үшін.

1.1.12 Су алу ғимараттарының есебі

Абай ауылында сумен қамту көзі жер асты суы болып табылады.

Су ұстаушы қабат қалыңдығы, m , 12 м құрайды, сүзілу коэффициенті, κ_ϕ , м/тәу – 25, ұңғымадығы су бағанының тереңдігі, H_e , м – 60, су ұстаушы қабат жынысы – орташа ірілікті құм, бір ұңғыма дебиті – 27,1 м³ / сағ .

Скважина тереңдігі 300 м ден аз болғандықтан, және скважинаны құрайтын жыныстар қойтастарды қоспағанда, көп мөлшердегі ірі галка тастар болғандықтан кері жуатын роторлы бұрғылау қабылданады.

/5/ бойынша бұрғылау үшін УРБ-3А станогы қабылданады, бұрғылау тереңдігі – 300 м, бастапқы бұрғылау диаметрі – 150 м.

Скважинада орнатуға батырылған ЭЦВ 8-25-100 сорап агрегаты қабылданған, сорап берілісі 25,0 м³/сағ және арыны 100,0 м.

Скважина көрсеткіштерін есептеу /4/ әдебиет бойынша жүргізіледі. Скважинаның меншікті дебиті келесі формула бойынша анықталады:

$$q_{y\partial} = \frac{Q_1}{S_{\text{возм}}}, \quad (1.23)$$

$$q_{y\partial} = \frac{27,1}{12} = 2,25 \text{ м}^3 / \text{сағ}$$

мұндағы Q_1 - бір скважина дебиті, м³/сағ;

$S_{\text{возм}}$ - судың статикалық деңгейінің төмендеу мүмкіндігі, м, сүзгімен жабдықталған скважина үшін және $H_g \geq 2m$ болғанда скважинадағы су бағаны тереңдігінің 20-30% құрайды, онда $S_{\text{возм}} = 12,0 \text{ м}$

Қажетті жұмысшы скважиналар саны:

$$n_{\text{жум}} = \frac{Q_{\text{max час}}}{Q_2}, \quad (1.24)$$

$$n_{\text{жум}} = \frac{98,33}{25} = 4$$

мұндағы Q_2 - батырылған сорап өнімділігі, м³/сағ;

$Q_{\text{max час}}$ - ауыз суының жалпы қажеттілігі, м³/сағ.

Қордағы скважина саны кесте 10, ҚР ҚН 4.01-03-2013 «Сумен қамту. Сыртқы желілер және ғимараттар» /1/ бойынша 1 құрайды. Онда жалпы скважина саны – 5.

Онда бір скважина дебиті:

$$Q_{\text{есеп}} = \frac{Q_{\text{есеп}}}{n_{\text{жум}}}, \quad (1.25)$$

$$Q_{\text{есеп}} = \frac{98,33}{4} = 24,6 \text{ м}^3 / \text{сағ}$$

Скважинада статикалық деңгейдің есептік төмендеуі:

$$S_{есен} = \frac{Q_{есен}}{q_{y0}}, \quad (1.26)$$

$$S_{есен} = \frac{24,6}{2,25} = 10,93 м \approx 11 м$$

Су алу ұңғымасының қабырғаларын су ұстаушы қабат маңайында бекіту үшін және құдыққа су ұстаушы қабат жыныстарының түсуін болдырмау үшін сүзгі орнатылады. Және сүзгінің түрі және құрылымы су ұстаушы жыныстар сипатына, скважинадағы су шығынына, скважина тереңдігіне, алынатын су спасына, скважинаны пайдалану жағдайына және тәртібіне байланысты таңдалынады.

Сүзгінің түрі және құрылымы кесте 1, қосымша 2 бойынша ҚР ҚН 4.01-03-2013 «Сумен қамту. Сыртқы желілер және ғимараттар» /1/ қабылданған. Сүзгі - сымды, су қабылдау беті штампталған табақты.

Рұқсат етілетін сүзілу жылдамдығы:

$$V_{\phi} = 65\sqrt[3]{\kappa_{\phi}}, \quad (1.27)$$

$$V_{\phi} = 65\sqrt[3]{25} = 189,8 м / тау$$

мұндағы κ_{ϕ} - сүзілу коэффициенті, м/тәу.

Сүзгі ұзындығы:

$$l_{\phi} = \alpha m, \quad (1.28)$$

$$l_{\phi} = 0,5 \cdot 12 = 6 м$$

мұндағы α - коэффициент, 0,5 ке тең;

m - су ұстаушы қабат қалыңдығы, м

Сүзгінің жұмысшы бөлігін жабыннан және су ұстаушы қабат табанынан 0,5-1 м аз емес аралықта орнату керек п. 5.19 ҚР ҚН 4.01-03-2013 «Сумен қамту. Сыртқы желілер және ғимараттар» /1/ .

Сүзгінің қажетті диаметрі:

$$D_{\phi} = \frac{Q_{\max}}{\pi l_{\phi} V_{\phi}}, \quad (1.29)$$

$$D_{\phi} = \frac{24,6 \cdot 24}{3,14 \cdot 6,0 \cdot 189,8} = 0,17 м \approx 0,2 м$$

мұндағы Q_{\max} - ұңғымадан алынатын ең үлкен шығын, м³/тәу.

Сүзгі саңлауларының өлшемдері, қиыршық таспен (гравий) жабу кезінде сүзгі қабырғасына түйісетін төсеме қабаты бөлшектерінің орташа диаметріне тең етіп қабылдану қажет п. 5 Қосымша 2 ҚР ҚН 4.01-03-2013 «Сумен қамту. Сыртқы желілер және ғимараттар» /1/.

Скважиналарда сүзгілерге қолданылатын материалдарды залалсыздандыру қажет п.11 Қосымша 2 ҚР ҚН 4.01-03-2013 «Сумен қамту. Сыртқы желілер және ғимараттар» /1/.

Сораптар арыны келесі формуламен анықталған:

$$H = H_{\Gamma} + S_{\text{есеп}} + \sum h + h_{\text{желі}} \quad (1.30)$$

$$H = 70,0 + 11,0 + 2,0 + 15,0 = 98 \text{ м}$$

мұндағы H_{Γ} - судың геометриялық көтерілу биіктігі, скважинадағы статикалық деңгейден, су берілетін резервуардағы су деңгейіне дейін өлшенеді;

$S_{\text{есеп}}$ - скважинада статикалық деңгейдің есептік төмендеуі, м;

$\sum h$ - соруға кететін арынның жоғалуы (скважина сүзгісіндегі арынның жоғалуы, электр двигателмен қаптама баған арасындағы саңлаудағы), м, $\sum h = 2,0 - 3,0$ м.

Қабарғаларды құбырлармен бекітпей, роторлы бұрғылау кезінде кважинаның соңғы диаметрі сыртқы диаметрден кем дегенде 100 мм-ге үлкен болу керек п. 5.17 ҚР ҚН 4.01-03-2013 «Сумен қамту. Сыртқы желілер және ғимараттар» /1/. Онда скважина диаметрі 0,3 м тең етіп қабылданады.

Су алу скважинасының құрылымы оның тереңдігіне, бұрғылау кезінде өтетін жыныстар түріне, бұрғылау және бекіту түрлеріне, сүзгі түріне және оны орналастыру тәсіліне байланысты. Скважина құрылымы жобалық геологиялық-техникалық кескінде көрсетілген (сызба 2 б).

Скважина үсті павильонмен жабдықталған. Онда скважина баулығы, жылыту аспаптары, іске қосу, бақылау-өлшеу құрылғылары және автоматика аспаптары сонымен қатар ысырма, кері қайтармайтын клапан, вантуз, сынама алуға арналған шүмек орналасқан арынды құбырдың бір бөлігі және скважинаны іске қосарда және жуғанан кейін суды тастауға арналған ысырмасы бар жуатын су құбыры орналасқан. СанЕжМ 2.1.4.559-96 «Ауыз суы. Орталықтандырылған ауыз суымен қамту жүйесінің су сапасына қойылатын гигиеналық талаптар. Сапаны бақылау» бойынша скважина суық су өлшеуіштерімен жабдыкталаған. Құбыр арқылы өтетін су температурасы 5 °С ден 50 °С дейін, жұмысшы қысым 1,6 МПа (16 кгс/см) артық емес. Су өлшегіш (счетчик) метрологиялық классқа сәйкес В.

Скважина баулығының құрылымы құбыр аралық және кважинаның құбыр арты кеңістіктеріне жер беті суларының өтуін және ластауын болдырмайтындай толық саңлаусыздандырылу қажет п. 5.11 ҚР ҚН 4.01-03-2013 «Сумен қамту. Сыртқы желілер және ғимараттар» /1/.

Жер асты су көзін зарарсыздандыру бактерицидтік сәуле көмегімен жүргізіледі және бұл жағдайда МЕМСТ 2874-82 талабын тұрақты түрде қамтамасыз етеді. УФО - 1 – 110 бактерицидтік қондырғысы қабылданған. Бұл қондырғы ультракүлгін сәулемен ауыз суы және технологиялық мақсаттарда қолданылатын суларды, сонымен қатар тазаланған лас суларды зарарсыздандыруға арналған. Ультракүлгінді технология табиғи және лас суларды зарарсыздандыруда экологиялық таза тәсіл болып табылады.

Ультракүлгін сәулелермен зарарсыздандырудың химиялық зарарсыздандыру тәсілдерінен айырмашылығы суда адам ағзасына ықпал ететін жағымсыз зиянды өнімдердің пайда болуына әкелмейді.

Жұмысшы бактерицидтік қондырғылар саны біреу қабылданған және бір қордағы қабылданған – п. 6.169 ҚР ҚН 4.01-03-2013 «Сумен қамту. Сыртқы желілер және ғимараттар» /1/.

Бактерицидтік қондырғы суды арынды құбырға берер алдында орналасады п. 6.170 ҚР ҚН 4.01-03-2013 «Сумен қамту. Сыртқы желілер және ғимараттар» /1/.

1.1.13 Жер асты су алу ғимаратының санитарлық аймағы

Су алу скважиналарының санитарлы-эпидемиологиялық сенімділігін қамтамасыз ету үшін ҚР ҚН 4.01-03-2013 «Сумен қамту. Сыртқы желілер және ғимараттар» 10.16. /1/ бойынша санитарлық қорғау аймақтары қарастырылған. Санитарлық қорғау аймағына үш белдеу кіреді: бірінші – қатаң тәртіп, екінші және үшінші – шектеулі.

Санитарлық қорғау аймағының бірінші белдеуіне су алу ғимаратының орналасу территориясы, барлық су өткізуші ғимараттардың орналасу алаңы жатады. Санитарлық қорғау аймағының бірінші белдеуі, жер асты суының санитарлық қорғау аймағының бірінші және екінші белдеулері шегінде қорғалуына байланысты тағайындалған: су алу ғимаратынан 30 м (жер асты сулары қорғалған болып табылады) п. 13.5 /6/ сәйкес.

Санитарлық қорғау аймағының екінші белдеуі су ұстаушы көкжиекті микробтық ластанудан қорғауға арналған; екінші белдеу үшінші белдеу ішінде орналасқандықтан, сонымен қатар химиялық ластанудан қорғауға арналған п. 13.6 /6/ сәйкес.

Санитарлық қорғау аймағының үшінші белдеуі жер асты суларын химиялық ластанудан қорғауға арналған. Үшінші белдеудің орналасу шекаралары гидродинамикалық есептеулермен анықталады.

Тәжірибелік есептеулер үшін су алу ғимаратының алатын аумағы тіктөртбұрыш түрінде енімен және жалпы ұзындығымен анықталады L , м, мұндағы

$$L = r + R, \quad (1.31)$$

мұндағы r - график 65 /6/ бойынша анықталады.
 R - аралық, келесі формуламен анықталады:

$$R = R_q + \Delta R, \quad (1.32)$$

мұндағы R_q - график 64 /6/ бойынша анықталады;
 ΔR - келесі формуламен анықталады:

$$\Delta R = \Delta \bar{R} x_o, \quad (1.33)$$

мұндағы x_o - өзеннен жағадағы құдыққа дейін, м

$$R_q = \frac{q T_m(T_x)}{mn}, \quad (1.34)$$

мұндағы q - табиғи ағыстың меншікті шығыны, $2 \text{ м}^3 / \text{сағ}$;
 $T_m(T_x)$ - микробты ластаушылардың жер асты суы ағысымен су алу орнына қозғалуының есептік уақыты, тәу;
 m - су ұстаушы қабаттың қалыңдығы, м;
 n - су ұстаушы қабаттың белсенді кеуектілігі (саңлаулығы), 45 % құрайды.

$$r = \bar{r} x_o, \quad (1.35)$$

мұндағы \bar{r} - график 65 /6/ бойынша анықталады.
 Есептеулер сәйкесінше микробты және химиялық ластанулар үшін төменде келтірілген.

$$L^m = 66 + 62,78 = 128,78 \text{ м}$$

$$R^m = 17,78 + 45 = 62,78 \text{ м}$$

$$\Delta R^m = 0,25 \cdot 300 = 75 \text{ м}$$

$$R_q^m = \frac{2 \cdot 200 \cdot 24}{12 \cdot 45} = 17,78 \text{ м}$$

$$r^m = 0,22 \cdot 300 = 66 \text{ м}$$

$$L^x = 87 + 1511 = 1598 \text{ м}$$

$$R^x = 1298 + 213 = 1511 \text{ м}$$

$$\Delta R^x = 0,71 \cdot 300 = 213_m$$

$$R^x_q = \frac{2 \cdot 40 \cdot 365 \cdot 24}{12 \cdot 45 \cdot 300} = 4,3_m$$

$$r^x = 0,29 \cdot 300 = 87_m$$

1.1.14 Екінші көтеру сорап станциясының есебі

Құбырлар диаметрі, фасондық бөлшектер және арматуралар ҚР ҚН 4.01-03-2013 «Сумен қамту. Сыртқы желілер және ғимараттар» /1/ кесте 33-те көрсетілген сұйықтық қозғалысының шекті жылдамдықтар негізінде қабылданған. Фасондық бөлшектер және арматуралар /7/ және /8/ әдебиеттер бойынша қабылданған..

Сорап станциясындағы құбырлар, сонымен қатар машина залынан тыс жатқан сору құбырлары болат құбырлардан жасалған. Олар арматураға және сорапқа фланецтерді пісіру арқылы жалғанады. Құбыр диаметрі өзгерген жерлерде эксцентрлі өткелдер қолданылған 7.14 б. ҚР ҚН 4.01-03-2013 «Сумен қамту. Сыртқы желілер және ғимараттар» /1/.

Сорап станциясындағы сору желілерінің саны, орнатылған сорап санына байланыссыз екіден кем болмау қажет. Бір желіні ажыратқан кезде қалғаны толық есептік шығынды өткізе алатын болу қажет 7.5 б. ҚР ҚН 4.01-03-2013 «Сумен қамту. Сыртқы желілер және ғимараттар» /1/.

Сору құбырларының есебі ондағы арынның жоғалуын анықтауға әкеледі:

$$h_{\text{вс}} = h_m + h_l, \quad (1.36)$$

мұндағы h_m - жергілікті кедергілер бойынша арынның жоғалуы м, келесі формуламен анықталады;

$$h_m = \sum \xi \frac{V_{\text{вс}}^2}{2g}, \quad (1.37)$$

мұндағы $\sum \xi$ - жергілікті кедергілер коэффициентінің қосындысы;

g - еркін түсу үдеуі, $9,8 \text{ м} \setminus \text{с}^2$;

V - сору құбырындағы жылдамдық, $\text{м} \setminus \text{с}$

h_l - ұзындық бойынша арынның жоғалуы, м, төмендегі формула бойынша анықталады:

$$h_l = \frac{1000i}{1000} l_{\text{вс}}, \quad (1.38)$$

мұндағы l_{ec} - сору құбырының ұзындығы, м
Сору құбырларының есебі Кесте 1.1 ге енгізілген

Кесте 1.1 - Сору құбырларының есебі

Атауы	Q, л/с	D, мм	V, м/с	i	h_{ec} , м
Қалыптық жағдай	7,12	100	0,7	0,0095	0,48
Апаттық жағдай	14,24	100	1,4	0,0351	1,50

Сорап станциясынан арынды желілер саны екеу 7.7 б. ҚР ҚН 4.01-03-2013 «Сумен қамту. Сыртқы желілер және ғимараттар» /1/. Әр сораптың арынды құбыры бекіткіш арматурамен және кері қайтармайтын клапанмен жабдықталған 7.8 ҚР ҚН 4.01-03-2013 «Сумен қамту. Сыртқы желілер және ғимараттар» /1/.

Бір желі істен шыққан кезде, қалғаны есептік шығынның 70 % өткізуге есептелген.

Арынды желілердің есебі ондағы арынның жоғалуын анықтауға әкеледі:

$$h_n = 1,1il_n, \quad (1.39)$$

мұндағы l_n - арынды құбырдың ұзындығы, м
Арынды құбырлар есебі келесі кестеге енгізіледі.

Кесте 1.2 - Арынды құбырлар желісінің есебі

Атауы	Q, л/с	D, мм	V, м/с	i	h_n , м
Қалыптық жағдай	7,12	100	0,7	0,0095	5,2
Апаттық жағдай	9,97	100	0,98	0,0178	9,8

Сораптың толық арыны келесі формуламен анықталады:

$$H_{Hcm} = H_z + h_{ec} + h_n, \quad (1.40)$$

мұндағы H_z - таза су резервуарындағы су деңгейлерінің айырмашылығы, 22,3 м-ге тең деп қабылдаймыз;

h_{ec} - сору құбырындағы арынның жоғалуы, м;

h_n - арынды құбырдағы арынның жоғалуы, м.

Апаттық жағдайда сораптың толық арыны жоғарыдағыдай анықталады.

$$H_{Hcm} = 22,3 + 0,48 + 5,2 = 27,98 \text{ м}$$

$$H^{ab}_{Hcm} = 22,3 + 1,5 + 9,8 = 33,6 \text{ м}$$

Сораптар түрін және жұмысшы агрегаттар санын таңдау сораптар мен желілердің бірігіп жұмыс істеу графигі негізінде жүргізілген.

Таңдаған сорғыш агрегаты барлық жұмыс жағдайында қажетті арынмен және шығынмен қамтамасыз ету қажет.

Сорап станцияларында резервтегі сораптар саны Кесте 10.1 бойынша алынған ҚР ҚН 4.01-03-2013 «Сумен қамту. Сыртқы желілер және ғимараттар» /1/.

